



Ақтөбе облысы
Алға ауданы
Маржанбұлақ ауылы
«Балапан» Маржанбұлақ балабақшасы
Кангожина Нурсулу Танжарбаевна
Әдіскер-тәрбиеші

Ашық көрсетілім Тақырыбы: «Біз экологпыз»

Мақсаты:

-Тәрбиелік: табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттырып, қамқорлық көрсете білуге тәрбиелеу

-Дамытушылық: Табиғат туралы мағлұматтар беру, ой-өрістерін дамыту

-Оқыту: Табиғат пен адамдар арасындағы байланысты түсіндіру

Педагогикалық технологиялар: дамыту

Ресурстармен қамтамасыз ету: суреттер

Ұйымдастырылған іс – әрекетінің барысы:

I. Ұйымдастырушылық кезеңі:

Арайланып таң атты,

Алтын сәуле таратты.

Жайнай түссін даламыз,

Жайнай түссін қаламыз,

Қайырлы таң, балалар!

II. Негізгі бөлім:

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күз мезгілінің қандай айлары бар?

Қазір күздің қай айы?

Таңертең оянғанда ең бірінші нені көреміз?

Күн бізге не береді?

Топпен жұмыс:

1 топ. Әсем табиғат аясы туралы сурет салу.

2 топ. Құстардың суретін салу.

3 топ. Жануарлар суретін салу.



Балалар бізді қоршаған орта табиғат деп аталады. Табиғат екіге бөлінеді.

1. Тірі табиғат

2. Өлі табиғат

Кәне бәріміз тақтаға қарайық. Балалар табиғатты қорғау керек. Табиғатты қорғау дегеніміз ол тазалықты сақтау. Ауаны ластамау, қағаз, қалдықтарды жерге тастамау, суға лас, улы заттарды төкпеу керек.

Д.о: «Өлі, тірі табиғат» (балалар үстел үстінен суретті алып қай табиғатға жататынын айту)



Тәрбиеші- Балалар, сендер табиғатпен дұрыс қарым-қатынас жасай білеулерің керек. Экология-бұл табиғатты қорғау, үнемдеу туралы ғылым. Экологиялық сауатты адам-қоршаған әлемде үйлесімді, қабілетті өмір сүруі.

-Табиғатты қорғау, үнемдеу дегенді қалай түсінесіңдер.

Балалар-ағаштардың бұтақтарын сындырмау, көшеге лас қоқыстарды тастамау, су көздерін ластамау, жануарларды қорғау, күшік, мысықтарды жәбірлемеу, құстардың ұясын бұзбау.



Қорытынды:

Табиғатым тамаша,

Көз тоймайды қараса.

Табиғатты аялап,

Жүрейікші жараса.

Жаксы қатысқан балаларды мадақтау.

